

FTAMP 17.82.09

Б.Д. Жұмақаева<sup>1</sup>, Ж. Әділбек<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

### 3. СӘНІКТИҢ ОБРАЗ ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ (“СЕРГЕЛДЕН” ТАРИХИ РОМАНЫНДАҒЫ ТӨЛЕБАЙ ОБРАЗЫ)

**Аңдатпа.** Мақалада жазушы Зейнолла Сәніктің “Сергелден” тарихи романындағы Төлебай төренің образын талдап көрсетуге тырыстық. Төлебай Қытай қазақтарының тарихында ерекше орын алған тарихи тұлғалардың бірі. Сол себептен де тарихи деректерге сүйене отырып, Төлебай төренің образын жан-жақты суреттеп көрсеттік. Образ жасаудың барлық түрлерін шебер қолданған және тарихи тұлға образын жасадық. Бұл шығарма арқылы Төлебай бейнесі халықпен қайта қауышып, ел есінде мәңгі сақталары анық.

**Түйін сөздер:** образ, тарихи тұлға, тарихи роман, градация (дамыту), параллелизм, мінездеу, суреттеу, кейіпкер сөзі.

\*\*\*

**Аннотация.** В статье мы попытались проанализировать образ господина Талебая в историческом романе Зейноллы Саника «Сергельден». Талебай – один из исторических личностей, занимающий особое место в истории китайских казахов. Поэтому, основываясь на исторических данных, подробно описали образ господина Талебая. Умело использовали все формы создания образа и смогли создать образ исторической фигуры. Благодаря этому произведению, образ Талебая будет воссоединен с народом и навсегда запомнится людям.

**Ключевые слова:** образ, историческая фигура, исторический роман, градация (развитие), параллелизм, характеристика, описание, характер речи.

\*\*\*

**Abstract.** In the article we tried to analyze the image of Mr. Tolebay in the historical novel Zeynolly Sanika “Sergelden”. Tolebay is one of the historical personalities occupying a special place in the history of Chinese Kazakhs. Therefore, based on historical data, they described in detail the image of Mr. Tolebay. He skillfully used all forms of image creation and was able to create the image of a historical figure. Thanks to this work, the image of Tolebay will be reunited with the people and will always be remembered by the people.

**Keywords:** image, historical figure, historical novel, gradation (development), parallelism, characterization, description, character word.

3. Сәнік – жазуды 20 жасынан бастаған, содан бері бірнеше тарихи романдар мен зерттеу еңбектері жарық көріп, көпшілік қошеметіне бөленген белгілі жазушы. Ол өзінің қалыптасқан стилі мен образ жасау шеберлігімен ерекшеленеді. Сондықтан да тарихи тұлғалар бейнесін сомдаудағы жазушы қолданған әдістер арнайы талдауды қажет етеді. Жазушының “Сергелдең” тарихи романындағы Төлебай образын талдап көрмекпіз. Көрнекті жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің “Сергелдең” тарихи романында қазақ халқының тағдыр тәлкегіне ұшырап, сан өліп, сан тірілген алмағайып өмірінің бір кезеңі суреттеледі. Романда атақты батыр қолбасы Қабанбай Қожақұлұлының інісі Тұматай ұрпақтарының Арқадан Тарбағатайға, онан өр Алтайға, өр Алтайдан Гималай асып, Үнді мұхиты арқылы Қара теңізге дейін сергелдең күй кешкені, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін атажұртқа ат басын тірегені жөнінде баяндалады.

Роман он үш тарау және эпилогтан тұрады. Әр тарауға атау берілмеген. Тек бірінші тарау, екінші тарау, үшінші тарау, т.с.с. жалғасып кете береді. Автор бұл арқылы романның негізгі идеясын шашыратып алмау жағын жөн көрген тәрізді. Жоғарыда айтып өткеніміздей роман қазақ халқының қиын-қыстау, сергелдең күн кешкен кездерін суреттейді. Романның кейіпкерлер жүйесіне келер болсақ, роман кейіпкерлері аса көп емес. Бас кейіпкер – Төлебай тәйжі ( төре, ұяң) және оның қасындағы негізгі кейіпкерлер – атасы – Бәшке мен, інісі – Әлкембай. Бұдан бөлек қосалқы кейіпкерлер романдағы бас кейіпкердің тұлғасын жан- жақты ашып көрсетуге қызмет етеді. “Сергелдең” – тарихи роман. Сондықтан да, автор тарихи өмір шындығынан алыстап кетпеген. Романда суреттелген оқиғалардың барлығы да өмірде болған шынайы оқиғаларға негізделген. Бас кейіпкер Төлебай образы да – тарихи бейне. Төлебай – Шығыс Шыңжаң өңірінде 1845-1917 жылдары билік жүргізген. Оның билікке келген кезінде қазақтардың ішкі берекесі берік сақталған екен. Жетімді құрап ел еткен, қара суды құрап көл еткен нағыз ердің ері болады. Бұл маңайды қырғыншылықтың сұрапыл күндері қайта басталғаны Төлебай дүние салғаннан кейін [1, 11].

Роман сол бір аумалы- төкпелі заманда ағайынның тепкісінен безіп бара жатқан үшеудің Жәйір тауының жотасына әрең ілініп, бір сәт тыныстап, артта қалып бара жатқан туған жер, өскен елімен қимай қоштасып, жан дүниесі алай-дүлей күйге түскен үшеудің ішкі толғанысын суреттеуден басталады: “Ағайынды үшеу анау тұрған Барлықтың жотасынан шыққанына аптадан асқан болатын. Оған да олар жетіскеннен ойнап шығып жүрген жоқ”. “Бар болса көре алмайтын, жоқ болса бере алмайтын” ағайынның араз ашты қылығы, әлде біреудің бейкүнә жанға жасаған озбырлығы, көрген тепершілігі айдап апарған. Уақыт ұзара келе бұл жер де оларға апана болатын түрі жоқ. Сонымен үшеуі ақылдаса келіп, бетті шығысқа – анау Боғдадағы нағашы жұрқа қарай тартуға бел буысқан.

Бірақ туған жер, өскен ел қағажу көріп, қамшы жеп жүрсе де, өздеріне ыстық. Қимайды, жалтақтап әлсін- әлі қарап, көз шанақтарына ыстық жас іркіліп, көңілдері қобалжи береді. Осы жалды асты болды туған жері көзден ғайып боп, әлі-ақ бұл-бұл ұшпақ, тіпті енді қайтып оралмау, көре алмауы да мүмкін” [2, 16]. Бұдан кейін автор шегініс арқылы бұл үшеудің сергелдең сапарына себеп болған оқиғаны баяндайды. Осы жерден романның қызықты сюжеті басталып, оқырманды өзіне баурап алады. “Басшысыз – ел жетім” дегендей сол кездегі елге сұлтан болған Отыншы биді “Еженхан патшаның қолтығына кірдің ”деп ұстап әкеткен, Әділбек пен Қоңыз сынды батырлардың да басына бұғалық түсіп, жұрт өз бастаушыларынан айырылып, әркім ойына келгенін істеп, әспенсіп, елдің берекесін кетірген алмағайып уақыт екені де айтылып өтеді. Роман басталғаннан- ақ, болашақ ел ағасы – Төлебай образы біртіндеп айқындала береді. Автор тарихи тұлға Төлебай образын ашу үшін әр түрлі тәсілдерді қолданады. Ең қарапайым мағынасында образ – суретті сөз. Әдебиеттегі адам образын жасаудың жолдары мен тәсілдері көп және әр алуан. Жалғыз-ақ, жазушы шын мәніндегі шебер, зергер болуы шарт, сонда ол қолданған әрбір амал адам образын ашуға қызмет етеді [3, 117], – деп әдебиет теориясын жазған З. Қабдолов ағамыз айтқандай автор образ сомдаудағы әрбір қолданысы арқылы өзінің нағыз суреткер екенін көрсете білді. Романның өн бойындағы диалог (екі немесе бірнеше адамның сөйлесуі), монолог (жеке адамның ішкі ойы, сөзі), мінездеу, портрет, суреттеудің барлығы жеке-жеке емес, тұтаса келіп кейіпкер образын тануға көмектеседі. Автор осы аталған тәсілдердің қай- қайсын болмасын өз орнымен, шебер қолдана білген.

Төле бай образы – романның бастапқы тарауларынан-ақ, болашақ ел ағасы болар кісінің кейпін байқата бастайды. Ол шығарманың мына бір жолдарынан анық байқалады: “Бұл жер бізге пана болмайды, – деді басын көтеріп отыратын дәрежеге жеткен күндердің бірінде Бәшке жанындағы екі інісіне сүйіне қарап, екеуің аман болсандар, мені бағатын түрлерің бар, бір күні қоян соғып әкелесіңдер, бір күні құс аулап әкелесіңдер, бір күні жеміс теріп әкелесіңдер, қазірше мұның бәрі бізге тамақ”. Осы жолдардан небәрі 13, 10 жастағы жұдырықтай балалардың кіші әкелерінің қамын ойлап, қамқор болып жүргендерінің өзі көңіл қуантады. Тағы бірде баратын жерлерінің ұзақ екенін білген сәттегі диалог былай өрбиді: “Онда жүріңіз, солай тарталық! Бірақ сіз... Екі бала тұнжырай қалып, кіші атасының бетіне қарады. Оның жарасы сақаймай, жүре алмайтынына көзі жеткен соң, мұңайыңқы әлпет байқатып тұр.

– Я, маған алаңдайсыңдар ғой, шүкірлік! Менің жарам да қарақотырланып қалды, денемдегі ісік қайтайын деді. Осындай жер қара, күн жылыда ақырын аяндай берсек деймін.

– Ата, ата, ол қаншалық жер? – деп сұрады баланың үлкені Төлебай қадала қалып.

– Ол жылдары біз Манастан осы жерге он бес-жиырма күн көшіп жеткеміз, көш жүрісіндей жүріп отырсақ, сонша күнде жетеміз. Баратын жеріміз одан да ары, бәлкім біреу айда жүздесіп қалармыз.

– Ойбой, өте ұзақ екен ғой, – деді Әлкембай атасына үмітсіздене қарап.

– Жоқ, деп басын шайқады Төлебай, – біз сөзсіз жетеміз. Атам жүре алмайтындай болса анау күнгі сияқты талдан зуза тоқып, сонымен көтеріп аламыз. Жата бергеннен жүре берген абзал. Ел барған жерге біз бара алмаймыз ба?”. Баланың өзінің де айтқан сөзінің де буыны берік. Тайсақтамай, ешбір екі ойлылық байқатпай, кішкентай жұдырығын түйіп тұр. Көзі оттай жайнап, атқан оқтай өзіне қадалып барады. Міне, Әлкембай да барып, оның қатарына тұра қалды. Екеуі ата алдында серт бергендей тұр. Мыналардың осы пейліне, қайрат- жігеріне риза болған Бәшке бұл сапарға енді шындап бел буатындай бекімге келді. Осы жолдардан кіші аталарымен ұзақ та, беймәлім сапарға шығып, жол бойына кездескен әр түрлі қиындықтарға мойымай, керісінше әр үрлі ақыл- амал тауып, қайрат көрсетулерінің өзі бұлардан үлкен үміт күтуге болатындай еді [2, 29].

Төлебай образы – біртіндеп өсу үстінде көрсетіледі. Қиындық адамды ширатып, шыңдай түседі ғой. Сол секілді Бәшке бастаған бұл үшеуі ұзақ жол, сергелдең сапарларында бірінен кейін бірі күтіп алып отырған қиындықтардан көз ашпайды. Барлықтан Боғдадағы нағышы жұртына баруға бекініп, сапарға шыққан күннен бастап, жол жүргендегі бір күн аш, бір күн тоқ ашқұрсақ күндер, бір күн жылы, бір күн суық күн-райының құбылмалығы өз алдына, кездейсоқ кезіккен кесепат та баршылық: сырын білмейтін жат жерде дала тағысының қоршауында қалулары, одан әуірімдеп аман шыққанда Әлкембайды жылан шағып алуы, оны жоқтан бар жасап, бар білген ем-домдарын жасап жүріп жазып, Жәйірдің шетіне ілініп, сол жердегі бір қоржада ауқатты кісілердің шаруасын жүргізіп, тамағын асырай бастағанда, тағы теперіш көріп, ол жерден де қашып шығуларына тура келеді. Байларға қолбала болып жүріп, өздерінің бас бостандығын енді алғанда, Бәшкеден адасып, жолдарының екіге айырлуы, бәрі- бәрі ағайынды үшеудің сергелдең сапарындағы кедергі-қиындықтар еді. Бірақ, оған бұлар жасудың орнына жігерленіп, басқа түскен бәледен сан түрлі амал-айламен құтылып жүреді. Мәселен, кіші аталары Бәшкеден адасып қалып, қытай әскерлерінің қолына түсіп қалғандағы Төлебай мен Әлкембайдың тұтқиылдан ойлап тапқан амалдары адамның ішін жылытып, еріксіз кейіпкерлер образына сүйсіндіреді. Оқиғаның бұлайша қиындап, күрделене беруінде градацияның прозадағы үлгісі деп те қарастыруға болады. Себебі, оқиға барған сайын шиеленісіп, өзі жабырқау жандарды одан сайын тоқпақтай түседі. Десе де, осы қиындықтар бір жамандықтың бір жақсылығы болады дейтіндей, бір жағынан Төлебайдың тез есеюіне, жас болса да тағдыр тауқыметін көп көріп күресе жүріп, шыңдала түсуіне себеп болады.

Төлебай 13 жасар бала болғанымен, басына түскен жағдайлар оны тез есейтіп жібереді. Төлебайдың өмір жолына, өсу сатыларына қарап отырсақ, ол ең алдымен, жат елде жүріп жан бағу үшін жалшы, қолбала болады. Одан кейін даяшы болады. Одан бір аралықта саудагер болып та көреді. Одан кейін тоғанақ басы, одан кейін барып ауыл басшысы, ең соңында ел ағасы болып, әбден кемеліне келген шағында ұяң( қазіргі облыс әкімі лауазымы) болып сайланып, халық құрметіне бөленеді. Осы атқарған қызметінің қайсысын болмасын Төлебай ерекше ынта қойа істеп, шебер түрде орындайды. Енді Төлебайдың осы өсу жолын шығармадан дәйкетеме келтіре отырып талдау арқылы нақтылай түсуге болады. Шығармадан мысал келтірсек: “Жапан даладағы адамы аз, қолғанаты кем қыстақта бірнеше күн аялдап, әркімге бір тамағы үшін еңбегін сатып жүргенде осынау бір қол- аяғына шаң жұқпайтын елпек жандарға ауқатты екі адам қызыға қалды. Сонымен Бәшке Әбдікерім деген ұйғыр байының қойын бағып, әлгі екі бала сиырларына қарап, бір мезгіл осында тұрақтап қалды” [2, 53]. Осылай ұйғыр байының малын бағып, шаруасын жүргізіп тұрғанымен, бай бұларды адам деп қарамай, күн өткен сайын жағдайлары ауырлай береді. Бір күні өрісте өзі сияқты бір Қытай байының қойын бағып жүрген баламен кездесіп қалады. Аяғы сол баламен сөйлесе жүріп, ұйғыр байынан Қытай дабазысының қолына барады. Бақтарына қарай қанша жерден бай болса да, лауазымды болса да, қытай дабазысы жақсы адам болып шығады. Соның қолында шаруасына көмектесе жүріп, Қытайдың тілін де біршама меңгеріп алады. Төлебай – қанша тәйжі болса да ұстаз алдын көріп, оқымаған адам. Алайда, роман желісіне қарай отырып, Төлебайға өмірдің өзі ұлы ұстаз болған жоқ па? - деген ойға келесің. Оның сол, бұралаң - бұлтарысы көп өмір жолы, оған талай нәрсені көруге, түйеге, нақты өмірде керекті білім-білікті игеруге мәжбүр еткендей көрінеді. Асылында, білім дегеннің өзі – оқып-білген нәрсе емес, сол оқыған білгенін өмірде қолана алған, қажет кезінде пайдаға асыра білген адам болса керек. Бұл туралы романда былай суреттеледі: “Сергелдеңге түскен үш жетімнің осы қыста тапқан ең үлкен пайдасы ханзу тіліне де, ұйғыр тіліне де едәуір жаттығып қалды. Соның арқасында олар жол бойындағы әредік асханалардан азық тауып жеп, ақырын сусап отырды”. Бұл жолдарда Төлебай жалшы, қолбала бола жүріп-ақ, өзінің зерек, елгезектігі арқасында біраз нәрсе үйренеді. Одан кейін бір дүңген асханасында даяшы болған кезі былай суреттеледі: “Санжы бекетінің Үрімжі-Іле жолының жағасынан жағасынан салынған асханаға кіріп-шығып жатқан адамдардың аяғы күндіз-түні үзіліп көрген емес. Асхана қожайыны Майуңчи деген дүңген таяу жылдары Гансуден шыққан болатын. Тоғыз жолдың торабы есептелетін осы жерден асхана ашқаннан бері саудасы күсет боп, күрт көтеріліп кетті, ақша дегеніңіз суша құйылып жатады. Асханада даяшы боп істейтін ақ кепешті екі дүңген жігіт лыпылдап тұр, бірінен- бірі өтеді, кірген жерден келушілерді үйіріп әкетеді, жүргіншілердің қажет еткен

тамағын аспаздарға жағы-жағына тимей, озандата бұйыртқанда олардың қоңыраулатқан дауысының өзіне адамдар таңырқай қарап, қызыға тамсанып қалады. Оның үстіне ханзуға ханзуша, ұйғырға ұйғырша, қазаққа қазақша майын тамыза сөйлегенде, тамақ бұйыртушылардың өзі ішпей-жемей тойғандай боп, қатты ризашылық білдіріп кетеді. Кейде орта жасты еңсеріп, елуді аралаған көсе ақсары дүнген Майұңчидің өзі мде миығынан күліп, екі жас даяшының қимыл-харекетінің тездігіне, тілінің майдалығына сүйіне қарап, басын изеп, мойынсал боп тұрып кететін ”. Жоғарыда айтып өткен әр істің майын тамыза шебер орындайды дегенге осы жолдар анық дәлел болып тұр. Осы жолдардағы автордың суреттеуі арқылы екі жас жігіттің мінез бітімінен де хабар алуға болады. Жас та болса олардың пысықтығы, мінездерінің жұмсақ, адам болатын бала кісіге үйір дегендей көпшілікпен тез араласатын тілтабысқыш, сый- құрмет жасаудың жөнін білетін ақылды екендері бірден байқалады. Бұл жолдарда Төлебай образының қалыптасуындағы бір кезең суреттеу, мінездеу тәсілдері арқылы әдемі бейнеленген.

Автор романның төртінші тарауына дейін Төлебай мен Әлкембай образдарын тел өскен егіз қозыдай қатар(параллель) сомдап, суреттеп отырады. Алайда, кей тұстарда Төлебайдың сөздерінен оның ақылды, ойлы екені де аңғарылып қалып жататын жерлері жоқ емес. Бесінші тараудан бастап Төлебай образы жеке-дара бөлініп шыға бастайды. Бұл кезге дейін сергелдеңге түскен үшеуі біраз нәрсенің басын көріп, шыңдалып қалған болатын. Дүнген асханасында жүріп, Асқарбек атты тағдыры өздеріне ұқсас қайратты қарияның көмегімен адасып қалған кіші әкелері Бәшкемен қайта табысады. Бір-бірінен көз жазып қалғандағы аралықта әбден сағынған кіші әкелерімен табысып, сағыныштарын басқан соң, нағашы жұрқа жетсек деген әуелгі сапарларын қайта жалғастырады. Сөйтіп, Санжы аталатын қалаға келген соң, сол шаһарға таяу маңдағы Сәлім деген өзбек байына жұмыс істей қалады. Екі жігіттің ептілігін байқаған Сәлім Төлебайды өзінің саудасына бас- көз болуға жібереді де, Әлкембайды өз үйінің тірлігін атқаруға алып қалады. Міне, осыдан бастап, Төлебай образының шарықтау кезеңі басталады. Дәл осы тұста өр керейдегі Тары тәйжінің жүз түйелік тоғанағын Санжы ұлығы тоқтатып тастайды да, тілмаш жоқ, не себептен тоқтатқанын біле алмаған тәйжінің жігіттері Сәлімнің қолында жарты еженнің тілін білетін бір жігіт бар дегенді естіп, өздері Сәлім байдың үйіне Төлебайды іздеп келеді. Осы тұста, Төлебайға осыған дейінгі ауыр да азапты, түрлі қиындыққа толы өмірден көрген-түйген білімін көрсетуге үлкен мүмкіндік туғандай болады және бұл мүмкіндікті Төлебай өте жақсы қолданып, Санжы ұлығының алдында өзінің білім- білігін көрсетіп, ұлықты өзінің әдебімен, білімімен таң қалдырады. Бұған дейін бойында өсіп- жетіліп келген қабілет- қарымы осы оқиға арқылы бүкіл Үрімжі атырабына аңыз боп таралады. Сол оқиғада Төлебай қандай әрекет жасады? Бұны білу үшін автордың баяндауына

үңілсек: “Есіктен кірген Төлебай ұлықтың алдына келгенше үш рет иіліп, құлдық ұрды. Аю терісінен қапталған, екі жағына көзі шатынаған екі айдаһардың мүсіні бар патшаның тағы іспеттес сұлама орындықта отырған ұлық қорқорын құмарлана бір сорып қойып:

– Иә, – деп ыңырана үн қатты. Мұнысы құлдық ұрғаныңды қабыл көрдім, басыңды көтер дегені еді.

– Тақсыр, ұлық! Дат айтуға рұқсат па екен? – деп Төлебай ханзу тілінде бажайына келтіріп ұлыққа тіл қатты да тағы бір рет тоңқандап, ізет-құрмет білдірді. Басында үкілеген, күләпәралы жасыл торғын тымағы бар, үстіне мақпал қара шапан киіп, белін күміс кісемен буынған қара торы, сұңғақ бойлы, сұлу мүсінді жігіттің ханзу тілінде жатық сөйлегені ұлықты жалт қаратты.

– Тақсыр, ұлық! Мына өр Алтайда қазақ деген халық болады. Сонау жылдары төреміз Көгедай Көктің ұлы Ежен ханға жолығып, шен-шекпен, көк тас алып қайтқан. Сонан бері қол астыңыздағы момын бұқараңыз патшаның айтқанын уәжіп тұтып, дегенін екі еткен жоқ. Сол Көгедай төренің өз қолымен өр Алтай қазағын билеу үшін бекіткен Шақабай Тары деген тәйжісі бар. Мен сол кісінің баласы боламын. Әкем сізге сәлем беріп, дат айтуға жіберді.

Сопақ ұлу іспеттес тақыр басын кекжитіп, былшиған семіз денесін қырын қаратып, бір көзін сығырайтып, селқос отырған ұлық осы сөзді естіген соң, ырғалып барып, түзеліп отырды. Жігіт айтқан сөздің ұзын сорабы мұның да есінде бар, бірақ сол бөгде халықтың осындай білікті адамымен бетпе- бет тілдесіп отырғаны осы. Сондықтан оның сөзіне деп қойып, айта бер дегендей ишарат білдіріп, басын изеді” [2, 98]. Осылай, өз білімі арқылы менменсіп отырған ұлықты тәубесіне келтіріп, өзімен тең сөйлесуге мәжбүр етеді. Ақыр аяғында ұлық сый-сыйапат, әдеп-құрметімен де, білім-біліктілігімен де өзін тәнті еткен азаматты сыйлы қонағы етіп күтіп, әкесі тары тәйжімен дос болғысы келетінін білдіреді. Бір ғана Төлебай арқылы ұлықтың тұтас қазақ халқына деген құрметі артып, көзқарасы өзгеріп шыға келеді. Бұл жерде де автор шеберлігін айтып өтпеске болмайды. Осы оқиғаның егжей-тегжейіне дейін қисынын келтіріп құрастырып, болашақ ел ағасы Төлебайдың аузынан небір тапқыр, шешен сөздерді айтқызады. Жоғарыдағы аралас келген диалог пен суреттеуде Төлебайдың ұлық алдында жалтақтамай, қасылып- қымтырылмай ұлықпен тең дәрежеде сөйлесуі, көмек сұрай келген жігіттерге не істеу керектігін түсіндіріп, қысылтаяң шақта ұтқыр шешімдер шығаруы, ұлықтың өзі Төлебайдың тәрбиесіне, біліміне сүйсініп, тәйжінің керуенін босатуға бұйрық беруі Төлебайдың бейнесін асқақтата көрсетеді. Тарихи кейіпкердің мінез- қылығынан бөлек, оның қимыл-әрекеті, әдет-дағдысы, бет-дидарындағы өзгешеліктер, психологиясы мен эмоциясы да оқырман назарын аударатын басты сипаттар. Мұның өзі суреткерден соншалық сезімталдықты, көңіл көрегенділігін талап етеді [4, 26]. Автор тарихи тұлға

образын сомдауда осы айтылған талапарға толықтай келеді деп айтуға болады. Диалогтың өзінде кейіпкерлердің портреті, мінез бітімі қоса көрініс тауып отырады. Дәл осы сюжеттегі кейіпкердің табымдылығы, біліктілігі, жұғымдылығы, шешендігі кез- келген кейіпкердің бойынан табыла бермейді. Тек, ел бастайтын, тұтас ұлт қамын ойлайтын тарихи тұлғалардың бойында ғана боларлық қасиеттер. Осындай тұлғалық, көшбасшылық қасиеттерді автор Төлебай образының бойына дарытқан және бірден емес, нанымды түрде, біртіндеп өсу жолында кемелдендіре береді. Санжы ұлығына өзін Тары тәйжінің баласымын деп таныстыруы, тоқтап тұрған тәйжінің керуеніне рұқсат қағазын алып беруі ауыздан- ауызға таралып, тәйжінің құлағына да жетеді. Осыдан кейінгі Төлебай бейнесі көбінесе басқа, қосалқы кейіпкерлердің диалогы арқылы беріліп отырады.

Алтыншы тарауда Әлкембайдың әлегімен көптен іздеген нағашы әпкелері Нұрбикемен де табысады. Ұлдың жақсы болмағы нағашыдан дегендей Төлебайдың нағашы әпкесі Нұрбике образын да автор ерекше сомдаған. Нұрбикенің айбынды да асқақ бейнесі Төлебай образын бұрынғыдан да жоғарылатып, текті атаның ұрпағы екенін тағы бір еске салып өтеді. Бұл туралы белгілі әдебиеттанушы ғалым Шериаздан Елеукенов мынадай пікір білдірген екен: “Нұрбике – мықтап сомдалған бейне. Ауылына ғана емес, айнала елге үкімі жүріп тұрған адуын әйел. Оның ізгілік ісі жалпы қазақ әйелінің әпкелік, апалық борышын алда ұстайтын ыстық бауырмал мінезінен туындаса, үй, шаруа ұстауымен, іскерлігімен түскен үйінің берекесін молайтып, дәулетін өрлетіп, абырой- атағын және үстемелеген. Інісінің бір жөнсіздігіне қаны қайнап ашуға мінген ағасы ақтабан сойлын көтеріп, аюдай ақырып келе жатқанда, үйде екінші ұлына босанып отырған Нұрбике орнынан тұрып, сыртқа шығып, қайнағасына иіліп сәлем береді. Аса бір ілтисипатты үнмен: “Ата, бір ашуыңызды маған берсеңіз, – деп қиылып тізе бүгеді.

Міне, осы арада, менталитет деген терминге төлеу боларлық сөз шығады романнан: “Қаншалық қаһарланса да үлкенді үлкенше, кішіні кішіше сыйлап өтетін қазақ халқының байрғы жосынынан аттауға дәті шыдамаған көргенді қария өз алдынан жаңа босанған келіні шығады дегенді мүлде кәперіне келтірмеген болатын. Оның үстіне келін жолы – үлкен жол...”. Шал қолындағы сойылын лақтырып жіберіп, емірене тіл катады: “ Жарқыным-ай, бір жеріңе жел қадалатын болды-ау! Анау иттің қылығына бола сайтан түртіп оқыс іске араласып қалып едім. Бердім ашуымды, мысымнан қайттым. Жел қақпасын, қарағым, тезірек үйіңе қайта ғой...”. Қазақтың жөн- жосынын, байрғы әдет-ғұрпын дәріпейтін осындай беттер Сәнік туындысының айызынды қандырар, шын сүйсіндірер көркі” [2, 8].

Бұдан кейінгі тарауларда Төлебай бейнесі тек асқақтай түседі. Адамның қандай екені қолына билік бергенде немесе басына қиындық

келгенде білінеді деп жатады. Осы нақылға салсақ, романның бас кейіпкері – Төлебай осы екі сынның екеуінен де өткен адам. Басындағы қиындықты да қайтпас қайсарлығымен еңсере білді және қолына билік бергенде де дандайсып кетпей, керісінше, барынша жоқ-жітікке көмектесіп, халықтың алғысын арқалап өткен қайталанбас тұлға еді. Сәлім байдан айыпқа алынған дүниенің бір бөлігін сол Сәлімнің төңірегінде хақысы кетіп, зарлап жүргендерге, кем- кетікке таратып берген екен. Айта берсең Төлебайдың мұндай әділдігі, қарапайым халыққа жанашырлық танытқан тұстары, ел ішіне арқа өңірінен Жақия молданы әкеліп, ауылдан медресе ашқызуы сияқты өнегелі істері баршылық. Бұдан бөлек Төлебай – сол дәуірде тарихи маңызы жоғары істерді атқара білді. Соның бірі – Ертіс бойын жағалайтын жаңа керуен жолын ашуы еді. Қазақ халқының шекарасы тоғыз жолдың торабында орналасқаны, қазақ жерімен Ұлы Жібек жолының өткендігі тарихтан мәлім. Сол ерте замандарда ұлы Жібек жолы мәдениет пен өркениеттің таралуына, халықтардың бір- бірімен сауда-экономикалық қарым- қатынастар жасап, мәдениет алмасуында маңызды роль атқарған. Тары тәйжінің баласы атанып, қанатының астына кіргелі тәйжі Төлебайды үш жүз түйеге керуенбасы қылып тағайындайды. Ол жүз түйені Құмылға, жүз түйені Санжы- Үрімжі өңіріне және бір жүз түйені Семейге аттандырып тұрады. Сонау 5-10- ғасырлардағы сақ-үйсін дәуірлерінен басталған халқымыздың Хан елімен болған “ат-жібек” саудасын қайта жандандырып, үшінші атасы Туматайдың игілікті ісін жалғастрады. Бұл оқиғаларды суреттеуде автор нақты тарихи деректерге сүйенеді. Мәнжу тіліндегі әскери архивтерді пайдаланған.

Төлебайдың билік құрған кездегі даналығын, өткен-кеткен тарихқа жүйріктігін, ел ішінің бітпейтін дау-дамайын ыңғайына келтіріп әкететін табымдылығы мына бір диалогте тамаша суреттелген: “Соны айтпайсың ба, – деп сабақтады сөзін Әлен, – мына шаңияларың шаң жуытпас жүйріктің өзі екен. Неше күннен бері топқа түскен даулы мәселелерді шешкенінде, табымдылығына мен өзім де риза болдым. Өзі арғы бет, бергі бетті түгел аралап, атам заманғы жеті жарғыға желіп тұр екен. Бәрін сол Қасым ханның қасқа жолы мен Есім ханның ескі жолына салып, көңілге қонымды шешкендей болды. Тіпті болмай бара жатса, орыстың зәкүні мен қытайдың лиіне түсіріп жіберетін жерлері бізді онан ары таң қалдырды. Бұл бұрынғы біздің билік айту тәртібімізде жоқ, жаңаша жосын ғой.

– Кейбіреулер, – деп сөз қосты Жақия молда, – атқа мінсе, таққа мінгендей, төрге шықса, төрелік құрғандай болып, кіжініп шыға келеді. Ал біздің Төлебай ондай емес, көбіне істі ақылмен шешеді. Әлгі өзіңіз айтқан “жұмсақ бас ұлық” осы болар деп ойлаймын, – деп молда Әленге күле қарады.

– Әй, оның басы жұмсақ болғанымен, шешімі шымыр. Таудай боп келген дауыңды тарыдай түйінге келтіреді екен” [2, 235]. Қарапайым халық өкілдерінің аузынан шыққан осы бір сөздерден Төлебайға халықтың

берген бағасын, халықтың оған деген ыстық ықыласын, риясыз құрметін көреміз. Ханда қырық кісінің ақылы болады деп ел билейтін адамның тегін адам болмайтынын мойындағанмен, ел билеу – оңай нәрсе емес. Халықтың тілегінен шыға алмаған талайлардың есімі ұмытылып, ізім- қайым жоғалып кеткені де шындық.

3. Сәніктің “Сергелдең” романы жөнінде зерттеу мақаласында әдебиетші ғалым Шериаздан Елеукенов мынадай пікір білдіреді: “Роман кейіпкерлері аяқтан шалып жібермеген қалың шытырманнан зорға құтылған соң, шығарма бірте-бірте шежірелік сипат алады. Миф, аңызға, тарихи оқиғаларға жүгінеді. Біздің заманымызға дейінгі, одан кейінгі түрік тарихының биік тұлғалары фонында қазақтың Қытайдағы нешеме ғасыр босқын күйге түскен қауымының бастан кешкен тар жол, тайғақ кешулері көз алдыңнан тізбектеліп өтіп жатады. Қазақ көшін Шыңғыс хан цунамиінің таудай толқыны Жетісу, Сыр бойына серпеді. Тағы бір сергелдең тұсында Ақ патшаның тепкісінен қапа-қасірет шегіп өр Алтайға ауысады. Бес-алты ғасырды артқа тастап барып, 1760- 1770 жылдары жоңғарлардан босаған өз атамекендеріне, байырғы жұрты Боғда бойына, Бесбалық қалашықтарына қайта оралады. Бұл жерде де ұзақ байыз таппай, 4-5 ұрпақ бойына қуғын- сүргінге ұшырап, қырылып-жойылып бара жатқан соң Гималай асып, Кашмирге келіп, Үнді мұхиты арқылы Түркия елінен қоныс табады. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі жерде енді бұл ұрпақ бірте-бірте ата жұртқа ат басын тіреуде...” [1, 9 ].

“Сергелдең” романында Төлебайдың өмірі ғана суреттеліп қоймайды, сонымен қатар сол дәуірдегі Қытай қазақтарының тарихы, тұрмыс-тіршілігі, салт- санасы, дүниетанымы, басынан кешірген аумалы- төкпелі заман бейнесі тұтастай қамтылған. Қытай ұлықтарының 19- ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың басындағы қазақтарға қолданған саясаты, қазақтың өз ішіндегі билікке келген төрелер, билер де назардан тыс қалмаған. Тары тәйжі, Бұтабай болыс, Жәке би мен Лақ бидің бейнелері де шынайы суреттелген. Билердің қара қылды қақ жарған кесімдері, өзара тартыстары, Абылай хан дәуірінен келе жатқан ел ішінің аңыз- әңгімелері, ұрыны күймен матау туралы аңыздар да шығарманың ажарын аша түскен. Эпологията Төлебайдың ұрпағы болып келетін атақты Мұстафа Өзтүрік жөніде, түрік ағайындардың қамқорлығы, Өзтүрік атының қалай шыққаны жайында қызықты деректер берілген. Автордың суреттеу шеберлігі, тілінің көркемдігі романдағы әрбір сөз қолданысынан анық байқалып отырады. Романда қазақ халқының дархан мінезі, салт-дәстүрі, ағайынмен араласу жоралғысы сияқты ұлттық құндылықтары да әдемі келтірілген. Шығарма сонысымен де ерекше бағалы. Автор өз шығармасында тарихи тұлға образын жасай білген. Ендігі бұл шығарма арқылы Төлебай бейнесі халықпен қайта қауышып, ел есінде мәңгі сақталары анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Елеуменов Ш. Қазақы қалып қарымы: Бір роман- шежіреден туған ойлар // Қазақ әдебиеті, № 48, Қараша, 2008.
- 2 Зейнолла С. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: “Ан Арыс” баспасы, 2007. Т.1: Сергелдең. *Тарихи роман*. – 328 б.
- 3 Жұртбай Т. Бейнет сусыны: толғау-эссе. – Алматы, “Хантәңірі” баспасы, 2016. – 380 б.
- 4 Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 341 б.